

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 сәуірдегі N 372 Қаулысы

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 қазандағы N 471 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 25 қаңтардағы N 1514 Жарлығының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы 2 1 с ә у і р д е г і

N 3 7 2 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. "Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алудың, сақтаудың, бағалаудың және одан әрі пайдаланудың кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі N 833 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 25, 260-құжат):

1) кіріспе "Заңына" деген сөзден кейін ", Қазақстан Республикасы Президентінің " Сот әкімшілігінің жаңа жүйесінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" 2000 жылғы 12 қазандағы N 471 Жарлығына " деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақта "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі комитеті" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Сот әкімшілігі комитеті жекелеген негіздер бойынша" деген с ө з д е р м е н

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі п а й д а л а н у

е р е ж е с і н д е :

2-тармақта "Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын уәкілетті орган"

деген сөздер "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Сот әкімшілігі комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын;

9 - тармақ алынып тасталсын;

15 - тармақта:

1) тармақшаның бірінші абзацында "сауда ұйымдары арқылы" деген сөздердің алдынан "комиссия шартының негізінде" деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақшада:

бірінші абзацта "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі" деген сөздер "уәкілетті орган немесе коммуналдық меншікті басқаруға уәкілеттік берілген орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацта "Мүлікті" деген сөзден кейін "сауда ұйымдары арқылы" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 15-1-тармақпен толықтырылсын:

"15-1. Аукцион ұйымдастырушыны таңдау аукциондарды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметтерді мемлекеттік сатып алу арқылы жүзеге асырылады.

Мүлікті сатуға байланысты туындаған аукцион ұйымдастырушысымен қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына және осы Ережеге сәйкес реттеледі.

Мүлікті сату жөніндегі аукциондар мынадай тәртіпті сақтай отырып өткізіледі:

1) уәкілетті орган немесе коммуналдық меншікті басқаруға уәкілеттік берілген орган жасалған шартқа сәйкес аукцион ұйымдастырушыға атауы, саны, бастапқы бағасы, орналасқан жері қамтылған Мүліктің тізбесін береді, сондай-ақ аукционды өткізу әдісін анықтайды;

2) аукцион ұйымдастырушы белгіленген тәртіппен нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау құқығын алған республикалық немесе жергілікті мерзімді баспа басылымдарында жариялануы тиіс аукционда сату үшін ұсынылып отырған Мүлік туралы ақпараттық хабарламаны аукцион өткізу хабарланған күнге дейін он күннен кешіктірмей жасайды;

3) ақпараттық хабарламада мынадай мәліметтер болуы қажет:

аукцион өткізілетін күн, уақыт және орын;

аукцион өткізудің әдісі;

Мүлік туралы қысқаша мәліметтер, оның бастапқы бағасы;

кепіл жарналарының мөлшері және оны енгізу тәртібі;

аукциондарға қатысуға өтінімдерді қабылдау орны, уақыты және мерзімі;

4) аукцион ұйымдастырушы ақпараттық хабарлама жарияланғаннан кейін уәкілетті органды немесе коммуналдық меншікті басқаруға уәкілеттік берілген органды аукционды өткізу күні, уақыты және орны туралы хабардар етеді;

5) аукционға уәкілетті органның, коммуналдық меншікті басқаруға уәкілеттік берілген органның қызметкерлері және мүлікті аукцион өткізілетін мемлекеттің

меншігіне айналдыру туралы шешім шығарған судьялар, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері және жақын туысқандары (ата-аналары, жұбайлары, туған аға-інілері және апа-сіңлілері, балалары немесе жекжаттары - жұбайларының туған аға-інілері және апа-сіңлілері, ата-аналары мен балалары) қатыса алмайды;

6) Мүліктің бастапқы бағасының бес пайызы мөлшерінде кепіл жарна енгізген және осы Ережемен белгіленген тәртіппен аукционның ұйымдастырушысы тіркеген жеке және заңды тұлғалар аукционға қатысуға жіберіледі;

7) кепіл жарнасын енгізу аукционға қатысушының мынадай: аукционның нәтижелері туралы хаттамаға қол қою; аукционның нәтижелері туралы хаттамаға сәйкес Мүлікті сатып алу-сату шартын жасасу міндеттемелерін қамтамасыз етеді;

8) аукционға қатысушы ретінде тіркелу үшін: аукционға қатысуға өтінім; қатысушының жеке басын куәландыратын құжат; кепіл жарна енгізгенін растайтын төлем құжатын; өкілдің өкілеттігін куәландыратын құжатты; заңды тұлғалар үшін заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы жарғы мен куәліктің нотариалды расталған көшірмелерін;

шетелдік заңды тұлғалар үшін мемлекеттік немесе орыс тіліне нотариалды расталған аудармасымен құрылтай құжаттарын беру қажет;

9) аукционға қатысуға өтінімдерді қабылдау ақпараттық хабарлама жарияланған күннен бастап қабылданады және аукционды өткізгенге дейін бір сағат бұрын аяқталады ;

10) аукцион оларды өткізу ережесін, сату затының қысқаша сипаттамасын, аукционды өткізу әдісін, бастапқы бағасын, бағаны өзгерту қадамын жариялаудан басталады ;

11) егер аукционға кемінде екі қатысушы қатысып, олардың бірі сауда-саттыққа қойылған Мүлікті сатып алса, ол өткізілген болып саналады;

12) Мүлікке неғұрлым көп баға ұсынған аукционға қатысушы жеңімпаз болып жарияланады ;

13) өткізілген аукционның нәтижелері бойынша аукционды ұйымдастырушы сатып алушы, Мүліктің атауы, оның бастапқы құны және сату бағасы туралы мәліметтерді көрсете отырып, аукционның нәтижелері туралы хаттама жасайды, оған аукцион жеңімпазының, аукционды ұйымдастырушының және уәкілетті органның немесе коммуналдық меншікті басқаруға уәкілетті органның өкілдері, сондай-ақ аукционның басқа да қатысушылары қол қояды. Аукционның нәтижелері туралы хаттама оған қол қойған тараптардың саны бойынша жасалады және сауда-саттық аяқталғаннан кейін олардың әрқайсысына бір-бір данадан тапсырылады;

14) аукционның нәтижелері туралы хаттама Мүліктің сатып алу-сату шартын

жасасу үшін аукционның жеңімпазына негіздеме болып табылады;

15) Мүлікті сатып алу-сату шарты уәкілетті органның немесе коммуналдық меншікті басқаруға уәкілетті органның, аукционның жеңімпазы мен ұйымдастырушысы арасында аукционды өткізгеннен кейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша нысанда жасалады;

16) өткізілген аукционның нәтижелері туралы хаттамаға қол қоюдан және/немесе Мүлікті сатып алу-сату шартын жасасудан бас тартқан аукционның жеңімпазы осы Мүлік бойынша өткізілетін аукциондарға одан әрі қатысу құқығынан айрылады, кепілдік жарнасы оған қайтарылмайды, ал сатып алушы бас тартқан аукционның заты сауда-саттыққа қайтадан қойылады;

Кепілдік жарнасы сондай-ақ мынадай:

аукционға қатысудан оны өткізгенге дейін бір сағат бұрын бас тартқан; нәтижелерімен негізсіз келіспеген аукционның нәтижелері туралы хаттамаға қол қоюдан қатысушы бас тартқан жағдайларда қайтарылмайды;

17) аукционның қандай да бір затын сатып алған тұлғаларға кепілдік жарнасының сомасы төленген сатып алу бағасының шотына есептеледі, ал аукционға қатысқан, бірақ одан ештеңе сатып алмаған тұлғаларға кепілдік жарнасының сомасы қайтарылды;

18) бірінші аукцион өткізілмеген болып жарияланған жағдайда, аукционды ұйымдастырушы бірінші аукцион өткізілмеген болып жарияланғаннан кейін кемінде 10 күн өткен соң осы тармақта белгіленген оны өткізу рәсімдерін сақтай отырып, сауда-саттықтың голланд әдісі бойынша келесісін өткізе алады.

Сауда-саттықтың голланд әдісі бойынша аукционды өткізу кезінде Мүліктің құны оны жарияланған баға бойынша қатысушылардың бірі сатып алуға келіскен сәтке дейін жарияланған қадаммен төмендетіледі, ол комиссия белгілеген ең аз бағадан төмен болмауы тиіс;

19) сауда-саттық кезінде бағаның арту немесе төмендеу қадамы бастапқы бағасының үштен бес пайызына дейінгі шекте белгіленеді.";

25-тармақта "санитарлық-эпидемиологиялық сараптама жүргізу экономикалық жағынан тиімді емес тауарлардың азғантай партияларын және" деген сөздер "тасымалдауға, сақтауға, сатуға, санитарлық-эпидемиологиялық сараптама мен сертификаттауды жүргізуге байланысты шығындар олардың бағалау құнынан асып түсетін тауарлардың азғантай партияларын және өзге де Мүлікті" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. *Алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.24 N 387 Қаулысымен.*

3. "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 1289 қаулысында :

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

II-бөлімде "Шығындар":

01 "Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер көрсету" функционалдық тобында:

"68 695 586" деген сандар "68 613 005" деген сандармен ауыстырылсын;

02 "Қаржылық қызмет" кіші функциясында:

"28 844 578" деген сандар "28 761 997" деген сандармен ауыстырылсын;

217 "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі" әкімшісі бойынша:

"28 652 008" деген сандар "28 569 427" деген сандармен ауыстырылсын;

005 "Жекелеген негіздемелер бойынша республикалық меншікке түскен мүлікті бағалау, сақтау және сату 82 581" бағдарламасы алынып тасталсын;

03 "Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқық, сот, қылмыстық-атқару қызметі" функционалдық тобында:

"111 689 861" деген сандар "111 772 442" деген сандармен ауыстырылсын;

03 "Сот қызметі" кіші функциясында:

"8 709 946" деген сандар "8 792 527" деген сандармен ауыстырылсын;

501 "Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты" әкімшісі бойынша:

"8 709 946" деген сандар "8 792 527" деген сандармен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 005 бағдарламамен толықтырылсын:

"005 Жекелеген негіздемелер бойынша республикалық меншікке түскен мүлікті бағалау, сақтау және сату 82 581".

4. "2005 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысында:

1-тармақта:

он бесінші абзацта "170" деген сандар алынып тасталсын;

жиырма бесінші абзац "355," деген сандардан кейін "355-1" деген сандармен толықтырылсын;

көрсетілген қаулыға 170-қосымша алынып тасталсын;

осы қаулыға қосымшаға сәйкес көрсетілген қаулыға 355-1-қосымшамен толықтырылсын.

5. *(Ескерту. 5-тармағының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 26 қаңтардағы N 45 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2005 жылғы 21 сәуірдегі

N 372 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2004 жылғы 22 желтоқсандағы

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

005 "Жекелеген негіздер бойынша республикалық меншікке түскен мүлікті бағалау, сақтау және сатуды жүргізу" республикалық бюджеттік бағдарламасының 2005 жылғы арналған

ПАСПОРТЫ

1. Құны: 82 581 мың теңге (сексен екі миллион бес жүз сексен бір мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алудың, сақтаудың, бағалаудың және одан әрі пайдаланудың кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі N 833 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: жекелеген негіздер бойынша республикалық меншікке айналдырылған (түскен) мүлікті сатудан республикалық бюджетке қаражаттың түсуін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: жекелеген негіздер бойынша республикалық меншікке түскен мүлікті сақтауға, тасымалдауға, бағалауға, сертификаттау және санитарлық-эпидемиологиялық сараптау жүргізуге, жөнелтуге, сатуға, жоюға және одан әрі пайдалануға байланысты қызметтерге уәкілетті органның а қ ы т ө л е у і .

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

Р/с Бағ. Кіші	Бағдарлама.	Бағдарламаны	Іске	Жауапты
N дар. бағ.	ның (кіші	(кіші бағдарлама.	асыру	орындаушылар
	лама дар.	бағдарлама. лардың)	іске	асыру мерзім.
	коды лама	лардың	жөніндегі	дері
	коды	атауы	іс-шаралар	

1	2	3	4	5	6	7
---	---	---	---	---	---	---

1	005	Жекелеген негіздер бойынша республикалық меншікке түскен мүлікті сақтаумен, тасымалдаумен, ба-	Жекелеген негіздер бойынша республикалық меншікке түскен мүлікті сақтаумен, тасымалдаумен, ба-	Жыл ішінде Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Сот әкімшілігі
---	-----	--	--	---

шікке түс- ғалауға, сертифи- комитеті және
кен мүлікті каттау және сани- облыстардағы,
бағалау, тарлық-эпидемиоло- Астана,
сақтау және ғиялық сараптау Алматы қала-
сату жүргізуге, жөнел- ларындағы
туге, сатуға, жоюға әкімшілер
және одан әрі пай-
далануға байланысты
қызметтерге, сон-
дай-ақ басқа да
қызметтерге ақы
т ө л е у

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: жекелеген негіздер бойынша республикалық меншікке түскен мүлікті сатудан республикалық бюджетке қаражаттың түсуі.